

**Құрылтайшы:**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

**Учредитель:**

МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

**Founder:**

INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN

**№5/2  
2020**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
INTERNATIONAL SCIENCE JOURNAL

Бас редактор – **Алауханов Е.О.** «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», заң  
ғылымдарының докторы, профессор

Главный редактор – **Алауханов Е.О.** «Заслуженный деятель Казахстана», доктор  
юридических наук, профессор

Editor-in-chief – **Alaukhanov Ye.O.** «Honored Worker of the Republic of Kazakhstan», doctor  
of Law Sciences, professor

<b>Серикова О.С., Аманжолова А.Н.</b> ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА .....	251
<b>Серікова О.С.</b> МЕКТЕПАЛДЫ БАЛАЛАРЫН ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІ .....	256
<b>Симұқанова Г.С.</b> ЖАҒАНДАНУ ТҰСЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ – МӘДЕНИЕТ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕГІ .....	260
<b>Суранчиева З.Т.</b> ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТА БІЛІМ АЛАТЫН СТЕДЕНТТЕРГЕ ДИСКРЕТТИ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ .....	265
<b>Сыдықова Б.Т., Нұрахметқызы А.</b> МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОЙЫННЫҢ МАҢЫЗЫ .....	269
<b>Тасуов Б., Ниетбаева Н.А.</b> ОҚУШЫЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОБЪЕКТИЛІ-БАҒЫТТАЛҒАН ПРОГРАММАЛАУДЫ ОҚЫТУ .....	273
<b>Tleubergenova M., Kubieva V.</b> COMPETENCE DEVELOPMENT FOR FUTURE EDUCATORS .....	277
<b>Төлебаев Б.Т., Нұралиева А.Ж.</b> ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ НЕГІЗІНДЕ ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ .....	282
<b>Уайсова Г.И., Тазабекова А.С.</b> БАСТАУЫШ СЫҢЫПТА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ДАМУЫ (1990 –2018 жж.) .....	286
<b>Умбеталиева А., Дуйсенова Л.</b> ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ .....	291
<b>Утегенова Б.М., Баймухамбетова Б.Ш.</b> ИНСТИТУЦИОНАЛЬНАЯ ПЕРЕЗАГРУЗКА СИСТЕМЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ .....	294
<b>Утеуова А.Б., Садыкова А.К.</b> БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЛИНГВОКОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ .....	299
<b>Утешкалиева А.М., Амангалиева Р.К.</b> ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ФОРМ И МЕТОДИК НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА НА ЭТАПЕ ПЕРЕХОДА НА ОБНОВЛЕННОЕ СОДЕРЖАНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ .....	304
<b>Утешкалиева А.М., Таймурзина Л.С.</b> ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ .....	308
<b>Чукуров А.Е., Жалғасова А.А.</b> БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУ ҮРДСІНДЕ АРАЛАС ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	312
<b>Чукуров А.Е., Қойшығұлова Л.Е.</b> ЖОО-ДА СТУДЕНТТЕРДІ ЖОБАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	317
<b>Шегенова З.К.</b> ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ТАРИХИ ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	321
<b>Шұғаева Г.Қ., Кенжебаева Н.Е.</b> МҰҒАЛІМНІҢ МАҢЫЗДЫ САПАСЫ РЕТІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ .....	324

**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PHILOLOGICAL SCIENCE**

<b>Абенова А.Н.</b> COMMUNICATIVE METHOD OF FORMING THE PHONETIC COMPETENCE IN A FOREIGN LANGUAGE AT THE SECONDARY SCHOOLS .....	329
<b>Айтбенбетова А.Қ., Зиноллаева А.Қ.</b> ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕР СӨЗДЕРДІҢ ОРФОГРАММАЛАНУЫ .....	333
<b>Әділханова Ж.С., Ыдырысова Г.А.</b> С.СЕЙІТОВ АБАЙ ЖӘНЕ ТУЫСҚАН ЕЛДЕР ӘДЕБИЕТІ ЖАЙЫНДА .....	337
<b>Болатова Г.Ж., Мұхаметқали А.А.</b> БАҚЫТЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТХАНАСЫ .....	342
<b>Исакова С.С., Адилбаева Ұ.Б.</b> КӘСІБИ БІЛІМНІҢ КОНЦЕПТУАЛДАНУ ЖӘНЕ КАТЕГОРИЗАЦИЯЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	347

**Болатова Гүлжан Жамбыловна,**  
 ф.ғ.д., оқытушысы,  
 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
 Алматы қ., Қазақстан,  
 E-mail: bolatova\_gulzhan@mail.ru

**Мұхаметқали Аида Аяпбергенқызы,**  
 6M021400 – Әдебиеттану мамандығының 2-курс магистранты,  
 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
 Алматы қ., Қазақстан,  
 E-mail: aida\_muhametkali@mail.ru

## БАҚЫТЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТХАНАСЫ

**Түйіндеме.** Мақалада қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар жазушы Бақытжан Момышұлының шығармашылық зертханасы жан-жақты сөз бола отырып, қаламгер романдарының көркемдік ерекшеліктері жан-жақты талданған.

**Тірек сөздер:** диалог, роман, архетип, мифология, миф.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается творческая лаборатория писателя Бахытжана Момышұлы, занимающего своеобразное место в казахской литературе, а так же проводится литературоведческий анализ художественной выразительности его романов.

**Ключевые слова:** диалог, роман, архетип, мифология, миф.

**Abstract.** This article examines the creative laboratory of the writer Bakhytzhан Momyshuly, who occupies a peculiar place in Kazakh literature, and also conducts a literary analysis of the artistic expressiveness of his novels.

**Keywords:** dialogue, novel, archetype, mythology, myth.

Суреткер Бақытжан Момышұлы адамзат қоғамына сабақ болар кешегі тарих пен бүгінгі кезеңнің мәселелерін интерпретациялауды сұрақ-жауап ретіндегі нақты мәліметтерге құрған. Адамзаттың санасын сілкіп, оның ішкі өміріне өзгеріс әкелетін жаңа қоғамдағы психологиялық құбылыстар роман мәтініндегі жаңа мазмұн мен жаңа пішіннің өмірге келуіне себеп болған. Шығармашылық жолын аудармашылықтан бастаған жазушы Ш.Мұртазаның «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай» повестерін, Ж.Молдағалиевтің, Д.Досжановтың, О.Бөкеевтің, Қ.Найманбаевтың, Б.Бодаубаевтың, Б.Тоғысбаевтың, Ш.Шаваевтың, М.Айымбетовтың, К.Тоқаевтың, т.б. жазушылардың шығармаларын асқан шеберлікпен, сәтті аударған. Бірнеше әңгіме, повесть, романдар жинақтары жарық көрген қаламгердің қаламынан туған «Добрые мосты», «Раскаленные камни», «Прозрачные льдины», «Тихие голоса», «Я еще ребенок», «Когда ты рядом», «Мен әлі сәбимін», «Восхождение к отцу», «Дети-Великаны», «Жанымның жарық жұлдызы», «Во имя отца», «Звезда брата», «Турксиб – земля полководца», «Сыновья Великого Волка», «В поиске света», «Путь Огненного Орла», «Сердце Волка», «Орда алая и Мечеть белая», «Преломление Света» сияқты кітаптары қалың оқырман қауымнан, сыншылардан жоғары бағасын алып, әдебиеттің алтын қорына қосылған көркем дүниелер. Оның прозалық шығармаларын адам тағдырына деген сүйіспеншілік пен өмірге құш-

тарлықтың асқақ үлгісі ерекшелендіріп тұратын. Ол көне түркілік бастауларға ден қойып, ұлттық танымды, көркемдік қалыпты дамытуға бар жазушылық таланты мен күллі күш-қуатын жұмсады. Қазақстан Жазушылар одағы сыйлығының лауреаты. Бірнеше мәрте Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі болып сайланған. Медальдармен, «Құрмет» орденімен марапатталған.

XX ғасыр соңындағы әдебиетті зерттеу мәселелері төңірегіндегі еңбектерге сүйенсек, көркем прозада кеңінен көрініп жүрген бірден-бір көркемдік категория-диалог екен. Бұл жәйт кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі ой-толғамдарды тебіреністерді тереңнен толғап, талдаудан гөрі бүгінгі уақыт талап етіп отырған көкейкесті тақырып жөнінде «тірі тілдесу», жанды сөз қозғау әлдеқайда маңызды екендігін көрсетеді. Қазіргі философиялық-эстетикалық ойда кеңінен көрініп жүрген постмодернизм бағытының өкілдері баса мән беретін диалог Бақытжан Момышұлы романында зор рөл атқарған. Бүгінгі күн ұрпақтарының кешегі тарихты жаңаша түсіндіруге талпыныс жасауы-жазушының жаңаша тәсіл қолдануына мәжбүр етеді. Сондықтан да мұнда автортек жазушы ғана емес, ұлт тарихы мен ұшқан ұядағы тәрбиеден тамыр алған, халқының бүкіл бет-бейнесін бала кезінен көңіліне тоқып өскен өрелі өнерпаз болғандықтан өзі оқырманға ұсынып отырған кезең шындығын елден естігені бойынша емес, өзі көріп, сезінген, куә болған кейіп-

кер ретінде біліп, баяндайды. Осы мақсатты көздеген жазушы Бақытжан Момышұлы романында әр дәуірдің өз диалогы бар екенін, ол сол кезеңнің ойлау мен сөйлеу әдебін әсерлі жеткізген әдеби тәсіл-диалогқа көркемдік жауапкершілік міндет жүктеген. Өйткені, осы шақпен ойлап, сол мезеттің (кезеңнің) мәселесін қозғайтын көркем диалогтың алдыңғы қатарға шығуы-қазіргі қоғам мен сананы бүтіндей өзгертіп жатқан жаңа уақыт сөзін дер кезінде айтып қалу қамы. Мұны заңды құбылыс деп қараған жөн. [Қазықанова А.Қ.]

Бақытжан Момышұлының «Восхождение к отцу» кітабындағы Бауыржан Момышұлының парыз туралы айтқан ойлары оқырманды жандүниесіне әр қырынан үңілдіреді. Батырдың тұлғасын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Бұл кісінің бойында қазақтың әйгілі үш биінің даналығы бас қосқандай сезіліп тұратын. Өмір тәжірибесінен алған сабақтарының кеңінен ұшырасуы, қазақтың сұңғыла би-шешендеріндей терең философиялық ойлары, энциклопедиялық ұлаңғайыр білімі түгел баурап әкетеді. Батырдың өмірде ұстанған принциптерін: «Намысты нанға сатпа», «Тексізден тезек артық, Арсыздан айуан артық», «Именіп жүріп көрген игіліктен қарсыласып жүріп көрген бейнет артық», «Өмір үшін өлгенше күрес», «Ел үшін аянба-ерлігіңе сын, жұрт үшін аянба-жігітіңе сын», «Өтіріктің балын жұтып тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық»... деген деген эстетикалық тереңтамырлы пайымдарынан байқауға болады болады. «Мендейтін Бауыржан, -өмір бойы парыз сезіміне бой алдырып, жалғыз соған ғана бағынып келдім. Халық менен парызымды өтеуді талап етпесе де, мен тек қана өз халқыма берешек екенмін. Мойнымда өтелмеген парызым баршылық болып шықты. Бұл парызсыз мен өзімді адаммын деп айта алмас едім... Парыздан күшті күш жоқ. Парыздан берік қалқан жоқ. Парыздан нәзік сезім жоқ. Парыздан қасиетті әулие жоқ. Парыздан қорқынышты жаза жоқ. Парыздан жарқын жарық жоқ. Парыздан өткір тіл жоқ, «Парызсыз даңқ тұл. Ондай бишара даңқ атаққұмар даңғойлар үшін тәтті. Ал ар-намыс адамы үшін ол әрқашан ауыр да азапқа толы». Ол өз өмірінің әр сағаты нәтижесін күнде қорытындылып отыруға құштар тұғын. Оның осы тұрғыдағы көзқарасы даңышпан Абайдың: «Егер де есті кісілердің қатарында болғын келсе, күнінде бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзіңнен есеп ал. Сол өзіңнен есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге... не дүниеге жарымды күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің? Жоқ болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппсың?» [Ұсынылатын библиографиялық көрсеткіш Кеңес Одағының Батыры./Петропавл, 2010]– деген жолдардан батырдың Отан алдындағы парызының маңыздылығын айқындай түсу үшін Бақытжанның шеберлігі байқалады.

Бақытжан Момышұлы патриоттық сезім

адамға генетика арқылы беріледі, бірақ оған күтім мен қамқорлық, тәрбие қажет деп атайды. Бақытжан Момышұлы ұлтына деген құрметті патриотизммен тығыз байланысты қарастырады, нағыз патриоттар өзінен бұрын Отанының қамын көбірек ойлайды. Шынайы патриот қазақ жұртының мәңгі тәуелсіз өмір сүріп, гүлдене беруі үшін өзінің саналы өмірін сарп етуге даяр адамдар екенін жазады.

Ендігі кезекте «Сыновья великого волка» атты романын қарастырсақ, бұл романға арқау болған сюжеттік-композициялық желілердегі қақтығыстар еліміздегі ұлы тұлғалар төңірегіндегі жаңаша жазылған тарихнамалық-дерекнамалық деректі тұжырымдары негізінде жазылғандығымен ерекшеленеді. Бақытжан Момышұлының романтикалық стилінің басты ерекшелігінің бірі де мифологиялық және эстетикалық бастаулардың бірлігінде жатыр. Жазушы романтизмнің бастауы – көне түркілік эпикалық дәстүр. Момышұлы шығармаларындағы мифопоэтикалық архетиптерді қарастыру қазақ прозасының романтикалық стилді бағамдауға мүмкіндік береді. Неоромантизм романтизммен тақырыбы мен сарыны жағынан да, жалпы принциптері мен поэтикасы жағынан да тығыз байланысты. Олар: пендешілік пен күйкі тірлікке, тоғышарлыққа қарсы шығу, болмысқа қанағаттанбау, өз ортасына қарсы шыққан романтикалық кейіпкер, иррационалды дүниеге назар аудару, гротеск пен фантастикаға, мифологизмге деген ықылас, жаңа көркемдік тәсілдерге бейімділік, т.б.

Архетип арқылы заттық болмыстың символикасын айқындауға болады. Әдеби архетип – фольклорлық және әдеби шығармалардағы жиі қайталанатын бейнелер, сюжеттер, мотивтер. Ол сыртқы өзгерістерге ұшырауға бейіл болғанымен, тұрақты, ғасырлар бойы қалыптасқан мазмұндық мәнін, құндылығын жоғалтпайды. Архетиптердің әдеби туындылардағы көркемдік қызметі – қазіргі зерттеушілердің жіті назарындағы өзекті мәселе. К.Г. Юнг пайымдауынша, архетип бейнелер (алғашқы бейнелер), праформалар «ұжымдық байсаналықтың» жемісі ретінде ғасырлыр бойы адам өмірінде маңызды орын алып, мифологияда, дінде, философияда қолданыс тапты. Көптеген әдеби образдар, мотивтер белгілі бір архетиптік бастаудан нәр алады да, концептуалдық тұрғыда оны жаңа мазмұнмен байытады.

Архетип түрлері оңға жуық болса, солардан туындайтын бейнелер көптеп санамаланады. Негізгі архетиптер: орел (бүркіт), волк (бөрі), солнце (күн) және т.с.с. Мәселен, көк бөрі – тірі табиғаттың күшті, айбарлы өкілі, бұл тұста әлдебір бекзаттықпен ұласқан ішкі жарық күш пен сезгіштік байқалады. Көк бөрі өздігінен данагөй, өздігінен әділетті және өміршең. «Сыновья великого волка» роман – қазақтар жайлы қисса, қазақтарға деген мадақ жыр. «Ұлы бөрі» архетипі

– бұл қазақ халқы. Көшпенді қазақ халқымызда дүниені сезінуде және дүниеге көзқарас қалыптастырудағы бөрі тотемінің ерекше рөл атқаратыны белгілі. Туынды қазақ халқының бірегей, біртума әрі талантты ұлы бөрілер ұрпақтар өмірлерінің ғұмырнамалық жинағы іспеттес.

*«Хорошо подмечено — одобрительно кивнул родитель... (речь идет о Бауыржане Момышулы. Н.М.). И мысли твои в рассказе достаточно верны, хотя знания, конечно, не полны. К этой теме тебя привел инстинкт, а не познание, хотя наверное, даже ты слышал о том, что Волк является нашим тотемом. Из поколения в поколение передается предание о том, что после побега на один аул, в котором захватчики перебили всех жителей и сожгли дома, в живых остался лишь истекающий кровью младенец по имени Елсау. Умиравшего ребенка унесла в свое логово волчица, зализала его раны, вскормила своим молоком и вырастила бесстрашным и благородным волком, который впоследствии стал владыкой степи и гор, защищавшим родную землю и проявляющим постоянную заботу с народом. Вот почему я вижу в своих мечтах изображение Волкана будущем знамени Казахстана» [Момышулы Б. 2004, 306.]*

Бұл табиғаты, әсіресе аспан шырақтарын бақылауды міндетті түрде ынталандыра отырып, соған сәйкес теориялық танымның өркендеуіне әкелді. Кейін мифтік дүниетанымды дін мен философия ығыстырды. Бірақ ол уақыт ағынында жоғалып кетпей, көмескі сана мен архетиптік жадынан орын алды. Қазақтың арғы ата-тектерінің дүниені мифтік тұрғыдан түсінуі әлемдік үлгілермен сабақтас. Көк Тәңірі, Жер-Су мен Ұмай ананы айтпағанның өзінде, түркі халықтарының арғы ата-тек туралы түсініктері тарихтың алыс қойнауларында қалыптаса бастаған. Көк бөрі туралы аңыздар, сондай-ақ көркем шығармаларда бейнеленген тотемдер мифтің әсерлі белгілері саналады. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде тотемдік ұғымдар сақталғанымен, олардың нақтылы көріністері өзгерді. Мифтік уақытты басқа типтер ауыстырған соң да тотемдік түсініктер халық жадында архетиптік қызметін атқарып, басқа рәміздер мен таңбаларға айналды. Мысалы, жаугершілік және бостандық үшін күрес заманында Көкбөрі қайсарлыққа шақырған рәміздік рөл атқарған.

Архетиптік таным мифологиялық дүниетаныммен біте қайнасып, жаңа мазмұнда дами отыра, мәңгілік рухани бағдар ретінде «халықтың рухын» бейнелеп қана қоймай, шынайы және тұтас түсінік қалыптастыратын бейне түрі ретінде қабылданады.. Әдеби архетиптің, жоғарыда атап өткендей, басты белгілері: жинақтаушылық пен типологиялық тұрақтылығы. Әдеби архетип үлгілеріне «мәңгілік, әмбебап бейнелер» (әлем әдебиетіндегі бейнелер), символдық бейнелер (аспан, су), тұрақты бейнелер (ана, бала, сәби, ата

немесе, жол, үй) т.б. жатады. Мысалы: *«Вы оба являетесь моими корнями, питающими мой ствол, дающими жизнь моими глубокими корнями, питающими мой ствол, дующими жизнь моим веткам и листьям, и даже опавшие и пожелтевшие мои листья хранят память об этом! Вы не даёте мне засохнуть!» [Момышулы Б., 2004, 306.]* Мұндағы адамдарды «күрең тамырға» теңеудің өзі архетиптік белгілер, себебі бастау алатын құбылысты балама бейне ретінде пайдаланып отыр. Қазіргі әдебиеттануда әдеби архетип ұғымы толық қалыптасып, архетиптік талдау негіздері басқа әдісналық тәсілдермен қатар жалпы поэтиканың құрамдас бөлігіне айналған.

*«Инаят сказал: – «Что есть дух и что есть материя? Разница между ними – все равно что разница между водой и льдом: замершая вода есть лед, а растаивший лед, есть вода. Именно дух в его плотности мы называем материей» [Момышулы Б., 2004]*

Жоғарыдағы мысалда «рух» ұғымын «су» алапатына теңеу архетиптің бейнелік көрінісі.

Мифологизм халық бойында ғасырлар бойы жинақталған көркемдік танымды, рухани ізденістерді жеке тұлғаның, адамның жұмбақ болмысы арқылы өткізіп, бүгінгі күннің тәжірибесімен, өмір құбылыстарымен синтездеп қорытты. Көркем шығармадағы қақтығыс адам мен адам, адам мен қоғам, адам мен табиғат арасында өтті. Суреткердің негізгі назары әлеуметтік өмірден гөрі рухани кеңістікке ауды және жеке тұлғаның ішкі әлемі күрделі рухани құрылым ретінде қарастырылды. Қаламгерлер өмір шындығын суреттеуден гөрі өмірдің мәні мен жаратылыс жұмбақтары туралы ой толғауға ойысты. Қазақ прозасында рухани түлеу, рухани жаңғыру тақырыбы тереңдей түсті.

«Ұлы бөрі» – бұл қазақ халқы. Көшпенділерде дүниені тануда, дүниені сезінуде және дүниеге көзқарас қалыптастырудағы бөрі тотемі маңызды рөл атқаратыны белгілі. Көк бөрі – тірі табиғаттың күшті, айралы, айбарлы өкілі, бұл тұста әлдебір бекзаттықпен ұласқан ішкі жарық күш пен сезгіштік байқалады. Көк бөрі өздігінен данагөй, өздігінен әділетті және өміршең. Автор өнегелілік пен мейірімділікке толы туындының атының сырын ашады. «Ашина» – «қадірлі бөрі» дегенді білдіреді.

Көк түркілер қасқырды ерекше құрмет тұтқан. Мысалы, Құтылық қағанның әскери гвардиясы «бөрілер» деп аталған және олардың жау келгенде көтеретін байрағына да алтынмен зерленген бөрінің басы бейнеленген. Түрік қағанаты тұсында тастан қойылған Бугут қорымындағы белгіде (стела) қасқырдың бейнесі бедерленіп, оның бейнесі көркем жыр жолдарына түседі. Қазақтың батырлық жырларында «бөрідей тиді», «бөрідейін түн қатып» деген жолдар жиі кездеседі. Тіпті атақты Қарақыпшақ Қобыланды батырдың жары, қамқоршысы Құртқаның есімінде қасқыр

атауының жүруі кездейсоқ емес. Қасқыр тотемінің бейнесі түркілердің бір бұтағы оғыздардың да фольклорлық мұраларында сақталған. Мысалы, оғыздардың көне жыры «Оғызнамеде» қандай жеңісті жорықтарға бастайтын аң – көктен түскен көкжал. Ежелгі қыпшақтардың да қорғаушы бабасы – қасқыр. Жорыққа аттанар алдында қыпшақтар бөріден көмек тілеп, жалбарынады.

Архетиптік таным мифологиялық дүниетаныммен біте қайнасқан, мифтің өзі архетип болады. Қазіргі таңда жазушылар мифтік, фольклорлық шығармалардың идеялық желісін, я болмаса мифологиялық кейіпкерлерді, архетиптік сарындарды көркемдік мүддеге сай кеңінен пайдаланып отырады.

Архетип жаңа мазмұнда дамып, мәңгілік рухани бағдар ретінде «халықтың рухын» бейнелейтін, универсум туралы шынайы және тұтас түсінік қалыптастыратын образ түрі ретінде қабылданады. Қай ұлттың әдебиетінде болмасын суреткерлердің көне дәуірлердің көркемдік тәжірибесіне, фольклорлық мифтерге деген ықыласы ерекше болған. Олар мифтік, фольклорлық шығармалардың идеялық желісін, я болмаса мифологиялық кейіпкерлерді, архетиптік сарындарды көркемдік мүддеге сай пайдаланып отырған.

*«Конь – это посланец с небес, несущий узнавание свободы. Когда ветер гудит в ушах и кресниться тель, а под тобой стремительный конь, стелющийся над равниной и готовый взлететь к солнцу, начинаешь узнавать, что такое свобода.»* [Момышұлы Б., 2004]

Архетип пен мифті халықтың рухын бейнелейтін, универсум туралы шынайы түсінік қалыптастыратын шығармашылықтың түрі ретінде қабылдады. Бұл орайда да романдағы «ұлы бөрі» я болмаса өзге символикалық бейнелері арқылы өнегелілік пен мейірімділікке толы туындыларының атауын архетиптік белгілер арқылы мазмұндық сырларын ашады. Мәдени тұлғаның рухани-шығармашыл қазынасын қауымдық тылсым құрастырады. Осы көмескі сананың, тылсымның құрылымдық бөліктерін архетиптер деп атайды. Оларға адамның рухани өмірін априорлы (тәжірибеге дейін) қалыптастыратын және оның іс-әрекетін, мінез-құлық жүйесін жалпылама анықтайтын құндылықтар қисыны жатады. Осының негізінде адамда «мендік» сезім, этноста ортақ уақыттық кеңістіктік өріс пайда болады. Архетип ұғымының ең басты белгілеріне уақыт пен кеңістік жатады. Өйткені оның тікелей хронотоптық сипаты бар және ол — уақыт пен кеңістіктегі мәдени әлемді адамның игеруінің негізгі шарттарының бірі. Әрбір халық өз мәдениетін еркін дамытуға мүмкіндік алған кезде архетиптеріне жиі оралады. Мысалы, соңғы кездегі мәдениет пен өнердің әр саласындағы «ұлттық негіздерді жаңғырту» идеясы осымен ұқсас. "Казах вообще верен и привержен родной земле. месту предков. месту, где капнула первая капля крови от

пуповины... Казах презирает тех, кто ищет лишь сытое, доходное место, оставляет родную землю" [Бельгер Г., 2003.].

Әлемнің модельдері әр түрлі кодтық жүйелерде көрініс бере алады. Әр түрлі кодтардың негізін әлемнің заттары, құбылыстары қалайды. Бұл кодтар семантикалық деңгейі бойынша біркелкі болады, өйткені барлық кодтардың нысаны-қоршаған әлемді адамның дүниетанымына сай бейнелеу. Олар астралдық, вегетативтік, зооморфтық, антропоморфтық, түр-түстік, гастрономиялық, сандық кодтарды қалыптастыруға себін тигізеді.

Бақытжан Момышұлы романдарының жаңа көркемдік-эстетикалық биік өредегі ұлттық және адамзаттық өзекті тақырыптарға дендей енуі заңды құбылыс. Себебі, тәуелсіздік кезеңінің орнауымен тарихи санадағы ақтаңдақ беттерді жазу тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері ерекше қарқынмен дамып, еселей түскені хақ.

Қазіргі философиялық-эстетикалық ойда кеңінен көрініп жүрген постмодернизм бағытының өкілдері баса мән беретін диалог Б.Момышұлы романында зор рөл атқарған. Бүгінгі күн ұрпақтарының кешегі тарихты жаңаша түсіндіруге талпыныс жасауы-жазушының жаңаша тәсіл қолдануына мәжбүр етеді. Сондықтан да мұнда автортек жазушы ғана емес, ұлт тарихы мен ұшқан ұядағы тәрбиеден тамыр алған, халқының бүкіл бет-бейнесін бала кезінен көңіліне тоқып өскен өрелі өнерпаз болғандықтан өзі оқырманға ұсынып отырған кезең шындығын елден естігені бойынша емес, өзі көріп, сезінген, куә болған кейіпкер ретінде біліп, баяндайды. Роман кейіпкері біреу (Рахмалы) болғанмен баяндаушы-екеу. Бірі-автор, екіншісі, кейіпкер-автордың апасы Шәмша, яғни қазақ қыздарының Ұлттық символына айналған көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Шәмша Көпбайқызы Беркімбаева. Екі тарихи тұлға арасындағы диалог екеуіне де аға болып келетін қоғам қайраткері Рахмалы Байжасаровтың өнегелі өмірі мен өз ұлтына жасаған қамқорлығы, жаңа кеңестік кезеңді құрудағы азаматтық адалдығы, т.б жөніндегі ой-толғаныстан тұрады. Роман өзара сұхбатқа еске алу әдісіне құрылып, екі кезеңнің оқиғасы алма-кезек ауысып, бір-бірімен іштей рухани байланыста дамытып отырады. Алайда, шығармадағы өмірлік әсерлер, баяндалып отырған тарихи оқиғалар мен оларға деген бүгінгі көзқарас әдепкіде кәсіби кітаби білім, тек автордың өз өресі тұрғысынан талданғандай сынап танытқанымен ондағы ұлттық рухқа құрылған интеллектуалды сұхбат оқушысын жалықтырмай терең ойларға жетелейді. [Пірәлиева Г., 2011]

Кешегі кеңестік дәуірдегі көркем шығармаларда баяндалатын бай мен кедей тағдыры, олардың арасындағы таптық тартыс, жаңа өмірге, жаңа қоғамға деген көзқарас романда уақыт сынынан өткен тарихи оқиға бүгінгі берілер баға

тәуелсіздік кезіндегі еркін рух, ойсананы иеленген бүгінгі ұрпақтың ойы, талдауы ретінде бейнеленді. Әр кейіпкердің өзіне тәң сөйлеу жүйесі, баяндау тәсілі бар. Кеңестік кезіндегі қазақ ауылына келген жаңа өмір өкілі – Рахмалы өмірімен өзектеліп, өрнектелген, дәуірдің көркем шындығы бүгінгі тарихи ақиқат арқылы ашылады. Мұнда жазушы тарихи оқиғаны сол қалпында бейнелеуден гөрі бүгінгі жаңаша көзқарас тұрғысынан зерделеуді оң көріпті. Бұл роман бүгінгі ұрпақтың тарихи жадына жаңа тәуелсіз ой-сана тұрғысынан қайта жаңғырту керектігін, оның ұлтқа қажетті тағылымын таразылап, таңдауға тәрбиелену керектігін көксейді. Өйткені, әр дәуірдің ұрпағы тарихқа деген жаңа көзқарасты талап етеді.

Қазақтың даңқты батыры, майдангер-жазушы Бауыржан Момышұлының соңындағы ізін жалғастырар ұрпағы болған, сабырлы қалып, сырбаз мінезді, өмірде қарапайым, адамгершілігі мол қаламгер-аудармашы үлкен қажыр-қайратпен

талмай еңбек етіп еді. Әдебиеттер достығына алтын көпір бола білді.

Бақытжан – шын мәнінде талантты суреткер, сұңғыла ойшыл ретінде танылып, жан-дүниемізді рухани байытқан жазушы. Бақытжан әлем әдебиетінің озық туындыларын көп оқыған, сол оқығандарын көңіліне ұмытылмастай етіп тоқыған, ізденгіш, жаңалыққа жаны құмар еді. Табиғатты, адамдарды сүюге деген құштарлығы шексіз болатын. Кейде белгілі ақын-жазушы, ойшыл азаматтармен пікір таластырған кездерде телегей-теңіз білім иесі, ойшыл екенін нақты мысалдар негізінде дәлелдей түсетін. Қандай жағдай кездеспесін, өз көзқарасынан, өз ұстанған ұстанымынан ешқашан айныған емес. Бұл тек жаны, ары таза азаматқа ғана тән қасиет. Қазақтың бекзада болмыс, талантты қаламгері, аудармашы, елін сүйген азамат Бақытжан Момышұлының аяулы бейнесі ел жүрегінде ұзақ сақталады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазіқанова А.Қ. /Әлі күнге Баукеңнің баласы боп жүрмін\жазушы Бақытжан Момышұлы-70 жас толуына байланысты библиографиялық шолу/
2. Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті/Бауыржаның аманаты/ Ұсынылатын библиографиялық көрсеткіш Кеңес Одағының Батыры.Халық қаһарманы, жауынгер, жазушы Б.Момышұлы-100 жас толуына арналған/ Петропавл, 2010
3. Момышұлы Б. Сыновья великого волка- Алматы: Өлке, 2004
4. Бельгер Г. Гармония духа. —М.: Русская книга, 2003.
5. Пірәлиева Г. Теңіз дәмі тамшыдан танылады. Жазушы Бақытжан Момышұлы //Қазақ әдебиеті.-2011.-7 қазан.